

**БҰЙРЫҚ**

**ПРИКАЗ**

№ 44 «2» 09 2024

**«Ішкі еңбек тәртібінің ережесін сақтау туралы»**

2024-2025 оқу жылының басталуына байланысты **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Төменгі ішкі еңбек тәртіп ережелерін сақталсын:

- Мектептің Жарғысында, ұжымдық келісім шартта, ішкі тәртіп ережесінде және лауазымдық нұсқауларында көрсетілген міндеттерді қатаң түрде орындалсын;
- Еңбек тәртібі сақталсын – жұмысқа уақытында келу, белгіленген жұмыс уақытының ұзақтылығын сақтау, әкімшілікті бұйрықтарын уақытылы орындалсын;
- Еңбекті қорғау ережесі мен қауіпсіздік техникасының талаптарын, өндірістік санитарлық, өртке қарсы ережені және алдын-ала ескертілген ережелер мен нұсқаулықтары сақталсын;
- Мектеп оқушыларына мектептің мүлкіне ұқыпты қарауды үйрету, жылу, электроэнергияны үнемді қолданылсын;
- Медициналық тексерістер туралы нұсқауларында белгіленген тиісті мерзімге дейін медициналық тексерістен, қажетті егілуден өтсін;

1.2. Мектептің педагог қызметкерлері сабақ және қоңырау уақытында оқушылардың өмірі мен қауіпсіздігіне толық жауап береді. Оқушылар жарақаттанған кезде әкімшілікке медбикеге дер кезінде хабарлау тиіс.

1.3. Оқушыларды кабинетте жалғыз қалдыруға тыйым салынады.

1.4. Педагогтар оқушыларды сабақтар аяқталғаннан кейін ата-аналардың келісуімен келесі жағдайларда қалдыруға болады:

- сынып сағаттары мен жиналыстар өткізілгенде;
- қоғамдық және сыныптан тыс өткізілетін іс-шаралар және дайындалғанда;
- сынақтар, қосымша сабақтар, кеңестер;
- мектепшілік кезекшілікте.

1.5. Педагогикалық кадрлардың аттестаттау туралы ережесіне сай педагогтар бес жылда 1 рет аттестаттаудан өтеді.

- 1.6. Мектептің әкімшілігі мұғалімнің шығармашылық жұмыстарына жағдай жасайды.
- 1.7. Мектеп жұмысы екі ауысымда жүргізілсін.

Педагогтар мен қызметкерлердің жұмыс уақыты және оны қолданылуы

- 2.1. Мектепте жұмыс апталығы 5 күндік белгіленген, жалпы жұмыс уақытының ұзақтығы 40 сағаттан аспайды.
- 2.2. Педагогтардың сабақтарының жүктемесін кәсіподақ комитетінің келісімімен мектеп директоры бөліп, белгілейді. Жүктеменің көлемі, ережеге сай, оқу жылының барысында жарты жылдықтар бойынша тұрақты.
- 2.3. Штаттық кестеде енгізілген қызметкерлерді жұмыс уақытының ұзақтығы – 8.30 ден бастап 18.00 дейін орнатылған.
- 2.4. Директордың оқу, тәрбие, шаруа жөніндегі орынбасарларының жұмыс уақыттары 8 сағаттан асуы мүмкін.
- 2.5. Мұғалімдер сабақтың басталуына дейін 20 минут бұрын келулеріне міндетті. 1-4 сынып жетекшілері оқушыларды мектепте қарсы алу керек.
- 2.6. Мұғалімдер қоңыраумен жұмысқа кіріседі.
- 2.7. Сынып жетекші өзіне сеніп тапсырылған сыныптың оқушыларын ыстық тамақпен ұйымдастыруына жауапты.
- 2.8. Апта сайын мектепшілік кезекшілік өткізіледі. Кезекші сынып:
  - келмеген оқушылар туралы мәлімет жинайды;
  - тамақтануды ұйымдастыруға көмектеседі;
  - үзіліс уақытында оқушылардың шулап кетпеулерін қадағалайды;
  - гардеробтың реттілігін қамтамасыз етеді.
- 2.9. Демалыс күндері жұмыс уақыты болып есептелмейді.
- 2.10. Педагогтарға және басқа да қызметкерлерге тыйым салынады:
  - өзінің көзқарасына қарай сабақ кестесін өзгертуге;
  - оқушыларды кабинетте жалғыз қалдыруға;
  - педагогикалық этиканы бұзуға;
  - оқушыны сабақтан шығарып жіберуге;
  - жұмысты себепсіз босатуға;
- 2.11. оқу мен тәрбие меңгерушілері мұғалімдер мен оқушыларды уақытында сабақ ауысуы туралы ескертеді.
- 2.12. Мектептің барлық қызметкерлері сырқаттанған және тағы да басқа жағдайларда әкімшілікті алдын-ала бір күн бұрын ескертуге міндетті.
- 2.13. Мектеп ауласына бөтен адамдарды өткізбеу.
- 2.14. Бөтен адамдар келген уақытта мектеп әкімшілігіне хабарлау.
- 2.15. Өрт болған жағдайда ескерту нүктесін басу және әкімшілікке хабарлау.

- 2.16. Террористік әрекеттерде басқару нүктесін басу және әкімшілікке хабарлау.
- 2.17. Мектепте бірқалыпты педагогикалық ереже мен тәртіп белгіленеді.
3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Директордың м



М.Қ. Мамбетова